# YEARBOOK 2022-2023 ÕRKEN

NIS Petropavl

# ÕRKEN SHAÑYRAGY



Куратор: Исмагулова А. Н.

Шаңырақ құрамы: 12A, 12B, 10B

Шаңырақ лидері:



Әбдіқадыр Ж. А.

Куратор:



Исмагулова А. Н.



10 В сынып



12 А сынып



12 В сынып




# ІС ШАРАЛАР:





## *БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ:*

**16 қыркүйек күні оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануын, физикалық белсенділігін арттыру мақсатында шаңырақтар арасында "Денсаулық фестивалі" ұйымдастырылды. "Өркен" шаңырағы барлық спорттық ойындардан үлгі көрсетіп, Гран-при" иегері болды. "Денсаулық фестивалінен" кейін оқушылар мен ата-аналар іс-шара ұйымдастырушыларына риза болды.**









***25 қараша күні Назарбаев Зияткерлік мектебінің қабырғасында шаңырақтар арасында оқушылардың қарым-қатынасын нығайтып, би өнерін паш етуге негізделген "Флешмоб" іс-шарасы ұйымдастырылды. "Өркен" шаңырағы дайындаған биді қазылар алқасы алдында көрсетіп, тағы да "Гран-при" иеленіп, ақшалай түрде сыйақыға ие болды.  Бұл шаңырақ оқушыларының есінде  татулық пен жеңіспен ұласқан ерекше іс-шаралардың бірі болып қалды.***



4 Өндірістік революция тақырыбында өткен АРТ-фестивальға

қатысып, жүлделі 3 орын иелендік






**Математика апталығында шаңырақтар арасында ұйымдастырылған**

**"Игры разума" іс-шарасына қатысып, 1-орынға және ақшалай түрде**

**сыйлыққа ие болдық.**

***Шаңырақтар арасында өткен волейболдан жарыста шаңырақ оқушылары мен ата-аналары бірлескен команда құрамы өз қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетіп, жеңісті қолдан бермей, бұл жарыста да 1 орынды иеленіп, жылды жақсы қорытындылады.***



***Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ішінде бірқатар жобалар жүзеге асуда. Біздің шаңырағымыздың да оқушылары 100 ән, 100 күй, Ұлы дала ақындары, TEDx, READx, қоғамға қызмет, т.б.жобаларға белсене қатыстық.***



100 ән




READx



***100 күй***




Ұлы дала ақындары



Ұлы дала ақындары




NIS talks




100 күй





**1 қазан -Халықаралық қарттар күніне орай, "Өркен" шаңырағының оқушылары ҰОС тыл ардагері Хатипова Фидания Шариповнаны құттықтады. Оқушылар  ардақты да, асыл қазынамыз - қарттарымызды мерекемен құттықтап, қолдау көрсетіп, Фидания апамыздың көңілін көтерді.**







**Ұлы Жеңіс күні қарсаңында "Өркен" шаңырағының оқушылары тыл ардагері Малежикова Валентина Андреевнаны құттықтап, алғыс білдірді, уақыттарын қызықты өткізіп, әжеміздің көңілі көтеріліп қалды.**

Шаңырақ оқушыларымен Құқық бұзушылықтың,
зиянды заттарды қолданудың
алдын алуға бағытталған іс шаралар
және ата-аналардың өткізуімен «Менің
жауапкершілігім» атты лекция,
дөңгелек үстел шаралары жүргізілді








***7 қазан күні шаңырағымыздың түлектері 12 "А" мен 12 "В" сыныптары табиғатты қорғау, мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында "Түлектер аллеясы" іс-шарасын ұйымдастырды. Іс-шара барысында оқушылар өз қолдарымен ағаш отырғызып, естелікке фотосуреттер жасады.***











***Шаңырағымыздағы 12 сыныптар ең бірінші сыртқы***

***жиынтық бағалау IELTS емтиханы қарсаңында***







# Бірге өткізген қызықты сәттер





*«Ночь в школе»*



***Индираның басқа мектепке ауысуын байланысты жайылған дастархан және кино-кеш***





**«Қазақстан» кинотеатрына демалыс**





**«Атлас» кинотеатрында демалыста**

**2 тоқсанның соңғы күні, Жаңа жылға жайылған дастархан**





**12 В сынып оқушыларының оқу жылының аяқталуына жайған дастарханы**




***Шаңырақтар арасындағы қысқы спартакиада***




***Жыл басы – Наурыз мерекесін тойлау сәті***

***Оқу жылының соңғы күні мектеп қабырғасында дәсүрлі "Бауырсақ той" іс-шарасы жүзеге асты. Мақсаты-ата-аналардың, балалардың мектеп өміріне араласуын қолдау, қарым-қатынасты нығайту, ұлттық дәстүрді сақтау. Іс-шара барысында ата-аналар балалармен бірге мектеп ауласында бауырсақ пісіріп, үлкен дастархан жайылды.***









***«Өркен» шаңырағының 2022-2023 оқу жылының қорытындысы осындай көрініс тапты. Барынша өз қабілеттерімізді көрсетіп, мектептің іс-шараларына қатысуға тырыстық. Жаңа оқу жылында жаңа серпінмен, тың идеялармен түрлі бағытта бұдан да жақсы жұмыс жасаймыз деген ойдамыз. Мектебіміздің көркеюіне, өсуіне, жан-жақтан танылуына өз үлесімізді қосуға дайынбыз!***